



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Қазақстанның туристік имиджі қалпына келтіріледі

Қазақстанның Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев еліміздің туристік имиджі қалай қалпына келтірілетінін айтты, деп хабарлайды EgeMen.kz

Бұл туралы ол Мәжілістегі Үкімет сағатында айтты. «Биыл бізге еліміздің туристік имиджін халықаралық

дарға арналған 5 мың шетелдік делегаттың қатысуымен 12 MICE іс-шара өткізілгені расталғанын, сондай-ақ Қазақстанға халықаралық іс-шараларды тарту бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Әрбір екінші іс-шара туристік әлеуетті дамытуға арналады.

«Саланы цифрландыру



деңгейде қалпына келтіру бойынша жұмыс жүргізу қажет. Екі маркетингтік науқан өткізу жоспарлануда. Бірінші жоба ТМД елдерінің нарығына, ал екінші жоба алыс шетелдерге бағытталған», деді Дәурен Абаев.

Ол екі жылдық үзілістен кейін БАӘ, Польша, Катар, Германиядағы халықаралық көрмелер мен роад-шоу ұйымдарына қатысу қайта жаңғыртылатынын айтты.

Министр 2022-2025 жыл-

және маркетинг жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. Шетелдік туристерді орналастыру орындарында есепке алу бойынша Ұлттық компания әзірлеген e-Qonaq өнімі серпінді цифрлық шешімге айналды. Шын мәнінде, ол көші-қон органдары үшін өзекті ақпаратты ұсынады және нақты уақыт режимінде туристер үшін статистикалық кесуді ұсынады», деп қосты министр.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



Президент Есеп комитетінің төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысы Есеп комитетінің төрағасы Наталья Годунованы қабылдады, деп хабарлайды EgeMen.kz Ақордаға сілтеме жасап.

Президентке Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне берген тапсырмаларының орындалуы туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2021 жылы жүргізілген аудиторлық және сараптамалық талдау жұмыстарының негізгі қорытындылары туралы мәлімет берілді. Былтыр

жалпы 32 триллион теңгеден астам бюджет қаражаты бойынша 155 нысанға 21 аудиторлық тексеру жүргізілген. Анықталған барлық заң бұзушылықтар бойынша тиісті шаралар қабылданып, оның материалдары қзққық қорғау органдарына жолданды.

Наталья Годунова Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында квазимемлекеттік секторға жүргізілген аудиттің аяқталғанын, арнаулы экономикалық аймақтардың қызметіне, жер ресурстарын

басқару жүйесіне, Токиодағы Олимпиада ойындарына дайындыққа және пандемиямен күреске бөлінген қаражаттың тиімді жұмсалынына бағалау жүргізілгенін хабарлады.

Кездесу қорытындысы бойынша Президент жаңа экономикалық саясатты іске асыру және мемлекеттік аудит жүйесін дамыту аясындағы Есеп комитетінің қызметіне қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Облыстық жастар орталықтарының басшыларымен кездесті



Түркістан облысына арнайы іс-сапармен келген ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Байманов Шахмардан Асқарұлы облыстық жастар ресурстық орталықтарының басшыларымен еркін форматта кездесу өткізді.

Ордабасы ауданы «Жастар ресурстық орталығы»

ғимаратының залында өткен кездесуге 17 аудан, қалалық жастар ресурстық орталығының басшылары қатысып, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Жастар саясатына өзгеріс енгізу, NEET санатындағы жастарды әлеуметтендіру, қоғамдық ортаға тарту, жастарға жұмыс беру бағдарламалары, жас кәсіпкерлерге қолдау көрсету, Jas Project, Тәуелсіздік ұрпақтары жоба-

сы аясындағы гранттар туралы, жастардың әскери-патриоттық сезімін көтеру, жастардың қоғамдық жауапкершілігі, азаматтық борышы, тұрғын үй мәселері талқыланған басқосуда комитет төрағасы барлық ұсыныстардың ескеріліп, тиісті жұмыстар атқарылатынын мәлімдеді.

Сонымен қатар, орталық басшылары өскелең ұрпақ қызметіндегі жетістіктерді сөз етіп, сол арқылы кездесуге қатысушылардың қызығушылығын арттырып, рухтандыра түсті.

Шахмардан Асқарұлы жастардың ойын тыңдап, Түркістан облысы жастарының белсенділігі мен ашықтығына оң бағасын берді.

Кездесу қорытындысы бойынша барлық санаттағы жастардың күрделі мәселелерін қамтитын жастар жобаларын әзірлеу туралы шешім қабылданды.

«Оңтүстік Қазақстан» газетінен.



31 657 жүкті әйел «Pfizer» вакцинасын салдырды

Қазақстанда 2022 жылғы 26 ақпандағы мәліметтер бойынша «Pfizer» вакцинасының I-ші дозасын 835 216 адам салдырды, деп хабарлайды EgeMen.kz.

COVID-19 таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының деректеріне қарағанда, «Pfizer» вакцинасының II-ші

дозасын 594 598 адам салдырды.

Оның ішінде: I-ші компонентімен Жасөспірімдер – 692 432, Жүкті әйелдер – 31 657, Бала емізетін әйелдер – 108 154. II-ші компонентімен Жасөспірімдер – 496 028, Жүкті әйелдер – 23 045, Бала емізетін әйелдер – 75 460.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Qazagstan» арнасынан мемлекеттік тілде берген сұхбатын тыңдап біраз жайға қанықтым. Мұны көптен күткен едік, міне, енді үмітіміз ақталды.

Мемлекет басшысының сұхбаты көрермен қауымының зор қызығушылығын туғызғанын атап өткім кел-

Қазақстанның да өркениетті, бақуатты, бақытты елге айналуы үшін әрқайсымыздың бойкүйездіктен тазарып, адами қасиеттерімізді-батылдық, ізгілік, адалдық, адамгершілік, ұлтжандылық, еңбекқорлығымызды күшейтуіміз керек.

«Қоғамдағы ең маңызды мәселе-заң үстемдігін қам-

ӘРБІР АЗАМАТ ӨЗ ҮЛЕСІН ҚОССА...

леді.

Президентіміз барлық сұрақтарға дипломатиялық тұрғыда жауап берді. Бұл үлгі алатын дүние. Жылы сұхбат көрермендерді баурап алды. Тілші де батыл, еш тартынбай өте өзекті сұрақтар қойды. Мемлекет басшысы халықты еңбек етуге шақырды. Әркім өз жұмысымен Жаңа Қазақстанды құруға үлес қоса алады.

Мемлекет басшысы, дамыған мемлекеттер қатарына еліміздің де қосылуына әр қазақстандық белсене араласуы қажеттігіне екіпін түсірді. Ол заң бәрімізге бірдей және бүкіл халық тек заңға бағынуы керек. Ол-білім мен еңбек.

тамасыз ету.

Менің ұстанымым: қоғамда заң мен тәртіп болса ғана, ел ішінде үйлесім, бейбіт өмір болады. Заң-кез келген өркениетті қоғамның басты өлшемі. Заң үстемдік құрғанда ғана әділетті қоғам қалыптасады. Біз міндетті түрде бұған қол жеткізуіміз керек. Бұл менің нақты ұсынысым» деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Президент айтқандай, елімізде заң үстемдік еткенде ғана құқықтық мемлекет қалыптастыра алатынымыз ақиқат.

Айдарбек ҚАРАҚОЖАЕВ,
Көктөбе ауылының
тұрғыны.

Тегін құқықтық кеңес берілді

Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Түркістан облысының әділет департаментінің өкілі Ізбалаев Сәкен Сәтбайұлы және адвокат Қуатова Рысбике Салманқызы мемлекет кепілдік берген заң көмегі шеңберінде халыққа

орындаушылары «атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда және тәртіппен, әлеуметтік маңызы бар істер санатын орындау кезінде өтеусіз көрсетеді.

Сонымен қатар, Қазақстан



білікті заң көмегін көрсету үшін кездесу ұйымдастырылып, халыққа тегін құқықтық кеңестер берілді.

Түркістан облысы әділет департаментінің өкілі С.Ізбалаев өз баяндамасында адвокаттардан қалай тегін заң көмегін алу керектігіне тоқтала кетті.

Мәселен, мемлекет кепілдік берген заң көмегін мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде, адвокаттар, нотариустар, жеке сот орындаушылар Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен өтеусіз көрсетеді. Адвокаттар осы Заң шеңберінде, яғни «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңына сәйкес, нотариустар «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, жеке сот

Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңының 18,19 және 26-баптарында түсіндіріп, тоқтала кетті.

Құқықтық тегін кеңес беру барысында қосымша тағы да, қалай нотариус, заң консультанты және адвокат болуға үміткерлерге түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Сондай-ақ, Таукент кентінің тұрғыны Халметов Жалғас сауалын қойып, адвокаттардың көрсететін қызметтерінің тегін көрсететін категорияларын көбейту туралы ұсыныс айтты.

Сонымен қатар, денсаулық саласына қатысты сауалдар жауап беріліп, ұсынысты қабылдап, жоғары тұрған органға жеткізілетіні айтылды.

Аудан әкімі
аппаратының заң бөлімі.

Аудан әкімдігінде

Шолаққорған ауылында сенбілік өтті

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Шолаққорған ауылында санитарлық тазалықты сақтау мақсатында сенбілік шарасын өткізуді тапсырған болатын. Шолаққорған ауыл округінде тазалық жұмыстары ұйымдастырылып, оған аудан әкімдігінің бөлім, мекеме қызметкерлері атсалысты. Сенбілік шарасы барысында ауылдағы саябақтар, орталық жол бойы қоқыстары, Шымкент, Созақ бағытына шығатын үлкен жол, айналма жол бойы, Теріскей шағын ауданы жағындағы темір жол, «Табақ бұлақ» маңайы, ауыл сыртындағы сай, ішкі көше, әлеуметтік нысан маңайынан қыстан қалған күл-қоқыс шығарылып, арық бойы тазартылды. Оған 6 техника жұмылдырып, 500-ге тарта азамат қатысты.

Сенбілік барысында бол-



ған аудан әкімі, тиісті бөлім басшыларына алдағы уақытта ауыл аумағын тазалау және ағаш отырғызу жұмыстарына тұрғындарды белсене ұйымдастыру қажеттігін тапсырды.

-Ауыл маңының тазалық

жұмыстарына тұрғындар тарапынан шағым жиі түседі. Тұрғындар әлеуметтік желіде арызданып жатады. Тазалық жұмысын сақтау әкімдіктің ғана емес, әрбір тұрғынның міндеті. Бүгін көріп отырғандарыңыздай, ауылдың мал жайылымдық жерлері күл-қоқысқа толып қалған. Осы тазалық жұмысына ауыл тұрғындары бәріміз жауаптымыз. Ауылымыз таза болсын десек, әрбір тұрғын тазалықты өз үйінен, көшесінен бастау керек. Күл-қоқысты белгіленген орынға төгуге міндеттіміз. Алдағы уақытта аудан көлемінде тазалық жұмысын жүргізуді қолға аламыз,-деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.



Орталық көше бойындағы жайма базарды аралады

Осы күні аудан басшысы Шолаққорған ауылында өткен сенбілік жұмыстарын бақылап, аудан орталығындағы Жібек Жолы және Сұлтанбек Қожанов көшесінде болды. Ондағы жайма базар иелерімен сөйлесіп, кәсіпкерлік нысандарды аралады. Аудан әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөліміне, Шолаққорған ауыл округі әкіміне бірқатар сын ескертпелер айтты. Орталық көшеде тазалық жұмыстарын, ғимараттың кескін келбетіне реттеу жұмысын ұйымдастыруды тапсырды.



Әлия Молдағұлова мектебінде болды



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудан орталығы Шолаққорған ауылындағы Әлия Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінде болды. Білім ордасының сыныптарын көріп, жылу жүйесімен танысты. Жаңадан салынған оқу ғимаратын, сынып бөлмелерін аралады. Мектеп директоры Төлепберген Бекқұлиев оқу барысын, білім ордасының материалдық-техникалық базасын таныстырып, білім беру бағытындағы жаңалықтарымен бөлісті. Жылу жүйесінің жайын баяндады. Аудан әкімі көктем мезгілі қарсаңында мектеп маңына сенбілік жүргізіп, абаттандыру жұмысын жүргізуді тапсырды.

«Созақ үні»-ақпарат.




дықтан, мал өсіргеннен гөрі қаз өсіру анағұрлым тиімді әрі жеңіл. Өйткені, малдан қынарлы ет жылма-жыл алынбайды, әрі малға күтім шығыны да көп. Ал, қаз суыққа төзімді, жем-азықты да көп талап етпейді, жылдам жетіліп, тез оңалады. Елімізде қаз етіне деген сұраныстың тұрақты болуы оны сату кезінде де еш қиындық туғызбайды. Қаз етінің 1 кг-ы 3500 теңге болады,- дейді ауыл тұрғыны Қалдыбай. Осы мақсатта қаз жұмыртқаларын жинап инкубатор арқылы қаз басын көбейтпек. Қаз шаруашылығымен айналысуға бел буа кіріскен шаруа азамат алғашқы өнім өндіруді де

Қаз өсірген Қалдыбай

Бүгінгі күні қаз өсіру кәсібінің пайдасы шаш-етектен. Содан да болар, елімізде осы кәсіпке бет бұрып, пайда табамын дегушілердің қатары күн санап артып келеді.

Үйрек пен қаз-үй шаруашылығындағы пайдалы құстардың бірі. Олар күй талғамайды, ет пен майды, өте жақсы қауырсын мен мамықты мол береді. Үйрек пен қаз өнімдері: біздің тағамдық тұтынуымызда қанды болып саналатын еттері, қаздың майлы бауыры, олардың майы. Сондықтан көптеген азаматтар қаз өсіруді біртіндеп қолға алуда. Солардың бірі Қарақұр ауылының тұрғыны Сәтжанов Қалдыбай есімді азамат үй жағдайында қаз шаруашылығын дамытуды қолға алыпты. Әзірге алып сұр, помес деген екі тұқымынан жиырмадан астам қаз әкеліп күтімге алуда. Алдағы уақытта шамасы келіп жатса тағы да алдырып қаз өсіру арқылы табыс көлемін арттыруды жоспарлап отыр. «Елімізде әрі дәмді әрі адам ағзасына пайдалы құс етіне деген сұраныс өте жоғары. Сон-



болжап қойған. Наурыз айында қаздар жұмыртқалай бастайды. Бір маусымда бір құстың отызға жуық жұмыртқа табатынын ескерсек, жүзден астам балапан өрбіту жоспарлануда. Сондай-ақ, қалған жұмыртқаларды жеке адамдарға сатылса, қалғаны қоңыр күзге дейін сәміртіліп, аудан орталығы, одан қалды Астана қаласына шығару межеленіп отырған көрінеді. Осы саламен түбегейлі айналысатынын ескерсек, Қалдыбайдың алға қойған мақсаттарының жүзеге асатынына сенім мол.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Футзалдан әуесқой лига ойындары өтіп жатыр



Аудандық бөлім, мекеме қызметкерлері арасында футболдан әуесқой лига ойындарының қыс-көктем маусымы өтіп жатыр. Шолаққорған ауылындағы орталық спорттық сауықтыру кешінінде өтіп жатқан әуесқой лига ойындарына «Мәдениет және спорт», «Бастау», «Юкостар» ЖШС, «Қайсар», «БЖСМ-1», «БЖСМ-2», «Білім», «Қаржы», Н.Төреқұлов атындағы ІТ- мектеп лицейі, «Оңтүстік жолдары», «Банк», «Құтқарушы», «Мұнайшы», «Денсаулық», «Кірістер», «Мұнайшы», «Корпорация» 16 команда қатысуда.

Жарыс ережесіне сай, командалар бір-бірімен өзара кездеседі. Жеңімпаз жинаған ұпай санына байланысты анықталады.

Ойындар кешкі сағат 19:00 мен 22:00 аралығында орталық спорттық сауықтыру кешінінде өтуде.

Аудандық №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Бақтыбай Сәрсенбаев – Аудан тұрғындары футболды сағынды. Пандемия кезінде, карантин талаптары спорттық жарысты өткізуге мүмкіндік бермеді. Үзіліп қалған әуесқойлар жарысын қайта қолға алып, қыс-көктем маусымын бастап кеттік. Наурыз айының соңында жеңімпаздар белгілі болады. Жарысты ары қарай көктем-жаз маусымында өткізуді жоспарлап отырмыз,-дейді.

«Созақ үні»-ақпарат.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ-ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық өркендеуі, халықтың әл-ауқатының артуы, мемлекеттік қызметкердің біліктілігі мен кәсібилігіне тікелей байланысты.

Бұл орайда, мемлекеттік қызметке орналасуға ниеті бар азаматтар өзіне қоғам мен мемлекет тарапынан артылар жүктің де жеңіл емес екенін жіті түсінуі тиіс.

Демек, мемлекеттік қызмет атқарудың ел алдындағы парызы екенін жауапкершілікпен қабылдап, түсінген азаматтардың мемлекеттік қызметке келуі еліміз үшін маңызды.

Бұл ретте, мемлекеттік қызметке орналасудың алғашқы баспалдағын Қазақстан Республикасының заңнамаларын білу бойынша тестілеуден өтуден басталады.

Ол үшін ең алдымен, e.gov.kz электронды үкімет веб-порталына электронды цифрлық қолтаңба немесе бір реттік жасырын сөз арқылы тіркелу қажет.

Одан әрі, веб-порталдың «Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту» бөліміне кіріп, «Мемлекеттік қызмет» айдарындағы «Мемлекеттік қызметкерлерді, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне алғаш кіретін азаматтарды тестілеу» қызметін пайдалану арқылы, тестілеу залын, бағдарламасын, сынақ күнін толтыру керек.

Тестілеу лауазымдар санатына сәйкес 3 бағдарламаны қамтиды. Бұл ретте, бірінші бағдарлама мемлекеттік органдарда неғұрлым жоғары біліктілік талаптары қойылатын басшылық лауазымдарға, екінші бағдарлама орталық және облыстық деңгейдегі орындаушылық, аудан, қала, ауылдық округ деңгейінде басшылық лауазымдарға, үшінші бағдарлама аудан, қала және ауылдық деңгейдегі орындаушы лауазымдарға арналған.

Оның ішінде, бірінші бағдарлама бойынша:

- 1) ҚР Конституциясы (15сұрақ);
- 2) ҚР Президенті туралы (15 сұрақ);
- 3) ҚР Үкіметі туралы (15 сұрақ);
- 4) ҚР Мемлекеттік қызметі туралы (15сұрақ);
- 5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы (15сұрақ);
- 6) ҚР әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (15сұрақ);
- 7) Құқықтық актілер туралы (15сұрақ);
- 8) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы (15сұрақ);
- 9) ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (10 сұрақ); заңнамаларынан тұрады. Өту нәтижесі 130 сұрақтың дұрыс жауаптардың жалпы саны 91-ден төмен болмауы қажет. Ескерте кететін жайт, әрбір нормативтік құқықтық актілерден 15 – сұрақтың шектік мәні 5 – тен төмен болмауы тиіс.

Екінші бағдарлама бойынша:

- 1) ҚР Конституциясы (15сұрақ);
- 2) ҚР Президенті туралы (15 сұрақ);
- 3) ҚР Мемлекеттік қызметі туралы (15сұрақ);
- 4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы (15сұрақ);
- 5) ҚР әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (15сұрақ);
- 6) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы (15сұрақ);
- 7) ҚР-дағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы (15сұрақ);
- 8) ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (10 сұрақ); заңнамаларынан тұрады. Өту нәтижесі 115 сұрақтың дұрыс жауаптардың жалпы саны 69 – ден төмен болмауы қажет.

Үшінші бағдарлама:

- 1) ҚР Конституциясы (15сұрақ);
- 2) ҚР Мемлекеттік қызметі туралы (15сұрақ);
- 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы (15сұрақ);
- 4) ҚР-дағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы (15сұрақ);
- 5) ҚР әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (15 сұрақ);

6) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы (15 сұрақ);

7) ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (10 сұрақ); заңнамаларынан тұрады. Өту нәтижесі 100 сұрақтың дұрыс жауаптардың жалпы саны 50 – ден төмен болмауы қажет.

Осы тестілеу бағдарламаларының бірінен оң нәтиже алған кандидаттар 20 минуттан кейін жеке қасиеттерді бағалауға арналған тестілеуден өтеді.

Жеке қасиеттерді бағалауға арналған тестілеудің өту мәні растық деңгейі бойынша кем дегенде 50% құрайды.

Атап өтетін жайт, өңірдегі тестілеу залы Түркістан қаласы, әкімшілік іскерлік орталығының министрліктердің облыстық аумақтық органдар үйінің «В» блогы, 2-қабатында «2123» кабинетінде орналасқан.

Үміткерлер екі тесттің қорытындысымен шекті мәннен жоғары көрсеткішке қол жеткізетін болса, онда бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурсқа қатысу мүмкіндігі беріледі.

Еліміздегі бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдар туралы ақпарат www.gov.kz мемлекеттік органдардың интернет ресурсында жарияланады.

Бұл ретте, мемлекеттік лауазымдарға үміткерлер үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің «Memleketтік qyzmet Turkistan» телеграм-каналы ашылған.

Ол жерде www.gov.kz сайтына жарияланған Түркістан облысындағы мемлекеттік органдардың конкурстары енгізілген.

Аталған телеграм-каналдың QR-кодын пайдаланып өңірдегі конкурстар туралы мәліметті оңай алу мүмкін екенін айта отырып, қолданушылар телеграм-каналға жазылғаннан кейін күнделікті жарияланған конкурстармен таныса алады.

Мемлекеттік қызметке алғаш кіретін немесе оны тоқтатқаннан кейін қайта кіретін азаматтар мемлекеттік органдарда жарияланған жалпы конкурсқа қатыса алады.

Қазіргі таңда жалпы конкурсқа қатысу үшін 3 құжат тапсырса жеткілікті. Олар: Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның 2017 жылғы 21 ақпандағы №40 бұйрығының 2-қосымшасымен бекітілген етініші, осы бұйрықтың №3 қосымшасымен бекітілген үміткердің қызметтік тізімі және білімі туралы құжаттар мен олардың қосымшаларының нотариалдық куәландырылған көшірмелері.

Конкурсқа үміткерлерден құжат қабылдау аяқталғаннан кейін, бос лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін үміткерлер әңгімелесу кезеңіне жіберіледі.

Әңгімелесуде үміткерлерге бірдей көлемде сұрақтар қойылады және конкурстың ашық әрі әділ өтуі үшін әңгімелесу отырысына байқаушылар ретінде еліміздің он сегіз жасқа толған азаматтары, оның ішінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Сонымен қатар, үміткердің қалауы бойынша әңгімелесу қарқылы бейнебайланыс құралдары арқылы жүргізу мүмкіндігі қарастырылған. Яғни, азамат өзінің тұрғылықты мекенжайынан, бейнебайланыс жүйесімен еліміздегі кез келген конкурстарға қатыса алады.

Осы орайда, мемлекеттік қызметке орналасуға ниет білдірген үміткерлер тұрғындар сұрақтарын Департаменттің 8/72533/59721, 8/72533/59481 байланыс телефондарына, «Мемлекеттік қызмет Түркістан» фэйсбук парақшасына немесе [@kuzmet.gov.kz](mailto:www.turk.kense) электронды поштасына жолдай алады.

Н.ШЫНТАЕВ,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы.

